

## №3/26 ХАТТАМА

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Қостанай халықаралық әуежайы» АҚ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы зерделеу мәселелері бойынша жұмыс кеңесінің

2026 жылғы 20 шілде

Қостанай қ.

сағат 15:20

**Күн тәртібі:** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 311-VIII Заңын талқылау.

Қатысқандар:

Төрағалық етуші: Басқарма Төрағасы Бекбосынов А.Қ.

Қызмет басшылары – 8 адам.

Қызметтердің жұмыскерлері – 30 адам.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұйымның комплаенс-офицері Асқарова Г.М. баяндама жасап, қатысушыларды аталған Заңның негізгі ережелерімен таныстырды.

Баяндама барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің келесі негізгі бағыттары қарастырылды:

мүдделер қақтығысы;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты шектеулер;

паракорлық саласындағы қылмыстық-құқықтық реттеу;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілген өзгерістер;

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңына енгізілген өзгерістер.

### **Қаулы етті:**

1. Қазақстан Республикасы заңнамасына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Қостанай» халықаралық әуежайы» АҚ құрылымдық бөлімшелеріне өз қызметін жүзеге асыру барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының ережелерін басшылыққа алу ұсынылсын.

3. Талқылау қорытындысы бойынша әзірленген ұсыныстар одан әрі қарау

және жұмыста пайдалану үшін комплаенс-қызметіне жолдансын.

4. Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға және олардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды іске асыру жалғастырылсын.

Төрағалық етуші:

Кенес хатшысы:



Бекбосынов А.Қ.

Абдулина Д.Н.